



БҰЙРЫҚ

2023 ж. 1 сәуірде
Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№ 192
город Нур-Султан

Озық педагогикалық
тәжірибені тарату және енгізу
үшін мектепке дейінгі
ұйымдардың құзыреттілік
орталықтарын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының 118-тармағын орындау мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес құрамда озық педагогикалық тәжірибені тарату және енгізу үшін мектепке дейінгі ұйымдардың құзыреттілік орталықтары (бұдан әрі – құзыреттілік орталықтары) құрылсын.

2. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – жергілікті атқарушы органдар) және «Балаларды ерте дамыту институты» республикалық мемлекеттік мекемесі (М.Е. Адамова) (бұдан әрі – Балаларды ерте дамыту институты) құзыреттілік орталықтарының қызметін үйлестіруді және әдістемелік сүйемелдеуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Мектепке дейінгі білім департаменті (Н.В. Жұмаділдаева) осы бұйрықты жергілікті атқарушы органдардың және Балаларды ерте дамыту институтының назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Г. Бейсембаев



Г. Бейсембаев

000616